

Иманбетов Аманбек Нуркасимович – кандидат педагогических наук, ассоциированный профессор кафедры начальной военной подготовки и единоборств, Карагандинский Национальный исследовательский университет имени Е.А. Букетова, Республика Казахстан, 100028 г. Караганда, ул. Муканова. 52/2, тел.: 87021836800, e-mail: imanbetovamanbek0@gmail.com.

Сафаргалиева Гульфия Надимовна – магистр педагогических наук, старший преподаватель кафедры теории и практики физической культуры и спорта, Костанайский региональный университет имени Ахмет Байтұсынұлы, Республика Казахстан, 110400 г. Костанай, ул. Чернышевского 68/9, тел.: 87025428793, e-mail: Safargalieva1978@mail.ru.

Рысбек Қастер – магистр педагогических наук, старший преподаватель кафедры физвоспитания, Карагандинский Национальный исследовательский университет имени Е.А. Букетова, Республика Казахстан, 100028 г. Караганда, 12 мкрн. 37, тел.: 87472225747, e-mail: kasterrysbek@gmail.com.

Akhmetov Rustem Abdizhaparuly\* – Master of Pedagogical Sciences, Senior Lecturer of the Department of theory and methods of physical education and sports training, Karaganda Buketov University, Republic of Kazakhstan, 100028, Karaganda, 15/1 Satybaldy Str., tel.: 87019799421, e-mail: rustem.akmetov1978@gmail.com.

Imanbetov Amanbek Nurkassimovich – Candidate of Pedagogical Sciences, Associate Professor of the Department of basic military training and martial arts, Karaganda Buketov University, Republic of Kazakhstan, 100028, Karaganda, 52/2 Mukanov Str., tel.: 87021836800, e-mail: imanbetovamanbek0@gmail.com.

Safargaliyeva Gulfiya Nadimovna – Master of Pedagogical Sciences, Senior Lecturer of the Department of theory and practice of physical culture and sports, Akhmet Baytusynuly Kostanay Regional University, Republic of Kazakhstan, 110400, Kostanay, 68/9 Chernyshevskiy Str., tel.: 87025428793, e-mail: Safargalieva1978@mail.ru.

Rysbek Kaster – Master of Pedagogical Sciences, Senior Lecturer, Department of physical education, Karaganda Buketov University, Republic of Kazakhstan, 100028 Karaganda, 12 microdistrict, bld. 37, tel.: 87472225747, e-mail: kasterrysbek@gmail.com.

XFTAP 14.15.01

ӨЖ 371.2

<https://doi.org/10.52269/SRDG2612059>

### YESSENOV UNIVERSITY-ДЕ БІЛІМ БЕРУДІҢ ҮШ ДЕҢГЕЙІ БОЙЫНША МАМАНДАР ДАЯРЛАУ ҮДЕРІСІНІҢ ТАЛДАУЫ

Есенисова А.Қ.\* – педагогика ғылымдарының кандидаты, Педагогика кафедрасының қауымдастырылған профессоры, Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау қ., Қазақстан Республикасы.

Шарипова А.Б. – PhD докторант, Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау қ., Қазақстан Республикасы.

Калиева Э.И. – педагогика ғылымдарының кандидаты, Педагогика кафедрасының қауымдастырылған профессоры, Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау қ., Қазақстан Республикасы.

Мендалиев Б.М. – педагогика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау қ., Қазақстан Республикасы.

Бұл мақалада Маңғыстау өңіріндегі жалғыз ЖОО – Yessenov university-де білім берудің үш деңгейі бойынша мамандар даярлау үдерісіне талдау жасалады. Қазіргі заманда еңбек нарығы қарқынды өзгерістерге ұшырап, жаңа технологиялар мен инновациялар дәстүрлі мамандықтарға деген сұранысты өзгертуде. Сол себептен, өлкеміздің білім беру жүйесінің қазіргі заманғы ұлттық және халықаралық талаптарға жауап беретін, жоғары зияткерлік және жалпы мәдени дәрежелері бар бәсекеге қабілетті мамандарды даярлау проблемалары қарастырылады. Маңғыстау облысының жаңа мамандықтар мен құзіреттер атласын жасауда аймақта еңбек нарығына қажетті мамандар даярлайтын оқу орнының кадрлар даярлау мәселесіне талдау жасай отырып, өлкеміздің білім беру жүйесінің қазіргі заманғы ұлттық және халықаралық талаптарға жауап беретін, жоғары зияткерлік және жалпы мәдени дәрежелері бар бәсекеге қабілетті мамандарды даярлау проблемалары қарастырылады. Демек, осы мақала аясында қойылған зерттеу мақсаты мен міндеттеріне сай Маңғыстау өңіріндегі ЖОО – Yessenov University-де бакалавриат, магистратура және докторантура мамандықтары бойынша мамандар даярлау үрдісіне форсайт-болжау әдісімен талдау жасалды. Сонымен қатар, мақаладады университеттің миссиясы мен стратегиялық

міндеттеріне сипаттама беріліп, мамандарды үш деңгейде бакалавриат, магистратура және докторантура бойынша даярлау жүзеге асырылатындығы баяндалған. Қорыта айтқанда, зерттеу нәтижелері бойынша, Есенов университетінде білім берудің үш деңгейі бойынша кадрлар даярлау үдерісіне талдау жасалып, студенттер контингентінің өсу динамикасы, үш оқу жылындағы магистранттар контингентінің өсу динамикасы, соңғы үш жылдағы докторанттар контингентінің өсу динамикасы, білім алушыларды қабылдау, БББ бойынша жұмысқа орналасу деңгейі, ПОҚ-тың ғылыми еңбектерді жариялау динамикасы және университет ғалымдарының ҚР БҒМ гранттық қаржыландыруға арналған ғылыми жобалары мен бағдарламалық-мақсатты қаржыландырулар мәліметтер кестесінде беріліп, диаграммада салыстырмалы өсу деңгейі көрсетілген.

**Түйінді сөздер:** Маңғыстау өңірі, бакалавриат, магистратура, докторантура, атлас, мамандық, форсайт.

### АНАЛИЗ ПРОЦЕССА ПОДГОТОВКИ СПЕЦИАЛИСТОВ ПО ТРЕМ УРОВНЯМ ОБРАЗОВАНИЯ В YESSENOV UNIVERSITY

*Есенисова А.К.\* – кандидат педагогических наук, ассоциированный профессор кафедры педагогики, Каспийский университет технологий и инжиниринга имени Ш. Есенова, г. Актау, Республика Казахстан.*

*Шарипова А.Б. – PhD докторант, Каспийский университет технологий и инжиниринга имени Ш. Есенова, г. Актау, Республика Казахстан.*

*Калиева Э.И. – кандидат педагогических наук, ассоциированный профессор кафедры педагогики, Каспийский университет технологий и инжиниринга имени Ш. Есенова, г. Актау, Республика Казахстан.*

*Мендалиев Б.М. – кандидат педагогических наук, ассоциированный профессор, Каспийский университет технологий и инжиниринга имени Ш. Есенова, г. Актау, Республика Казахстан.*

В данной статье проведен анализ процесса подготовки специалистов по трем уровням образования в единственном вузе Мангистауского региона – Yessenov university. В наше время рынок труда претерпевает динамичные изменения, а новые технологии и инновации меняют спрос на традиционные профессии. Поэтому рассматриваются проблемы подготовки конкурентоспособных специалистов системы образования нашего края, отвечающих современным национальным и международным требованиям, обладающих высокими интеллектуальными и общекультурными степенями. Анализируя проблему подготовки кадров учебного заведения, готовящего специалистов, необходимых для рынка труда в регионе, при составлении Атласа новых специальностей и компетенций Мангистауской области, можно сделать вывод, что система образования нашего края отвечает современным национальным и международным требованиям, рассматриваются проблемы подготовки конкурентоспособных специалистов с высокими интеллектуальными и общекультурными степенями. Следовательно, в соответствии с целями и задачами исследования, поставленными в рамках данной статьи, проведен анализ процесса подготовки специалистов по специальностям бакалавриата, магистратуры и докторантуры в вузе Мангистауского региона – Yessenov University – методом форсайт-прогнозирования. Кроме того, в статье дается характеристика миссии и стратегических задач университета, отмечается, что осуществляется подготовка специалистов по трем уровням: бакалавриату, магистратуре и докторантуре. В целом в Есеновском университете проведен анализ процесса подготовки кадров по трем уровням образования, исследованы динамика роста контингента студентов, динамика роста контингента магистрантов за три учебных года, динамика роста контингента докторантов за последние три года, набор обучающихся, уровень трудоустройства по ДОУ, динамика публикации научных трудов ППС и научные проекты, программно-целевое финансирование для грантового финансирования ученых МОН РК. Данные представлены в виде таблицы, на диаграмме показан уровень относительного роста.

**Ключевые слова:** Мангистауский регион, бакалавриат, магистратура, докторантура, атлас, специальность, форсайт.

### ANALYSIS OF THE SPECIALIST TRAINING PROCESS AT THE YESSENOV UNIVERSITY ACROSS THREE LEVELS OF EDUCATION

*Yegenissova A.K.\* – Candidate of Pedagogical Sciences, Associate Professor of the Department of pedagogy, Sh. Yessenov Caspian University of Technology and Engineering, Aktau, Republic of Kazakhstan.*

*Sharipova A.B. – PhD student, Sh. Yessenov Caspian University of Technology and Engineering, Aktau, Republic of Kazakhstan.*

*Kaliyeva E.I. – Candidate of Pedagogical Sciences, Associate Professor, Sh. Yessenov Caspian University of Technology and Engineering, Aktau, Republic of Kazakhstan.*

*Mendaliyev B.M. – Candidate of Pedagogical Sciences, Associate Professor, Sh. Yessenov Caspian University of Technology and Engineering, Aktau, Republic of Kazakhstan.*

*This article analyzes the process of specialist training across three levels of education at the only higher education institution in the Mangystau region, Yessenov University. Currently, the labor market is undergoing dynamic changes, while new technologies and innovations are transforming the demand for traditional professions. Therefore, the article examines the challenges associated with training competitive specialists within the regional education system who meet modern national and international standards and possess high levels of intellectual and general cultural competencies. An analysis of the personnel training system at an educational institution preparing specialists required by the regional labor market, conducted during the development of the Atlas of New Specialties and Competencies of the Mangystau Region, leads to the conclusion that the region's education system complies with modern national and international standards and addresses the task of training competitive specialists with advanced intellectual and general cultural competencies. Therefore, in accordance with the aims and objectives of this study, an analysis of the specialist training process at the bachelor's, master's, and doctoral levels at Yessenov University in the Mangystau Region was conducted using the foresight method. In addition, the article describes the mission and strategic objectives of the University and describes the training of specialists in bachelor's, master's and doctoral studies at three levels. Overall, at Yessenov University, an analysis was conducted of the personnel training process across three levels of education. The study examined the dynamics of student enrollment growth, the increase in the number of master's students over three academic years, and the growth in the number of doctoral students over the past three years. It also analyzed student admissions, employment rates according to educational programs, the dynamics of faculty research publications, scientific projects, and program-targeted funding allocated for grant support of researchers by the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan. The data are presented in tabular form, and the diagram illustrates the relative growth rate.*

**Key words:** *Mangystau region, Bachelor's, master's, doctoral studies, Atlas, specialty, foresight.*

**Кіріспе.** Қазіргі заманда еңбек нарығы қарқынды өзгерістерге ұшырап, жаңа технологиялар мен инновациялар дәстүрлі мамандықтарға деген сұранысты өзгертуде. Осы өзгерістерге сәйкес келу және аймақтың тұрақты дамуын қамтамасыз ету үшін жаңа мамандықтар мен құзыреттер атласын жасау өте маңызды. Маңғыстау облысының жаңа мамандықтар мен құзыреттер атласын жасақтау – аймақтың болашақ еңбек нарығын қалыптастыруға бағытталған стратегиялық қадам. Бұл өңір экономикасын әртараптандыруға, халықтың бәсекеге қабілеттілігін арттыруға және жаңа жұмыс орындарын құруға ықпал етеді.

Бүгінгі таңда Skills Technology Foresight әдісі негізінде Маңғыстау облысының жаңа мамандықтар мен құзыреттер атласын әзірлеу өзекті болып табылады. Технологиялық және цифрлық трансформацияның ықпалы күшеюде. Қазіргі әлемдегі технологиялық және цифрлық трансформация еңбек нарығының құрылымын түбегейлі өзгертіп, жаңа мамандықтардың пайда болуына және дәстүрлі кәсіптердің трансформациясына алып келуде. Бұл өзгерістер Маңғыстау облысына да тікелей әсер етеді, өйткені аймақтың негізгі экономикалық бағыты – мұнай-газ өнеркәсібі, көлік-логистика, құрылыс және туризм салалары жаңа технологияларға бейімделуді талап етеді [1, 33 б.].

Еңбек нарығында жаңа талаптардың пайда болуы қазіргі заманғы жұмыс берушілер қызметкерлерден тек кәсіби дағдыларды ғана емес, сондай-ақ цифрлық сауаттылық, проблемаларды шешу қабілеті, креативтілік және бейімделгіштік сияқты құзыреттерді талап етеді. Маңғыстау облысында білім беру жүйесі мен кадрларды дайындау бағдарламаларының еңбек нарығындағы жаңа талаптарға сәйкестігін қамтамасыз ету де маңызды.

Қазақстанның 2050 жылға дейінгі даму стратегиясында экономиканы инновациялық және цифрлық жолмен әртараптандыру міндеті қойылған. Осы мақсатқа жету үшін аймақтық деңгейде жаңа мамандықтар мен құзыреттерді қалыптастыру қажет. Skills Technology Foresight әдісі осы міндеттерді шешуде ғылыми негізделген болжамдар мен нақты ұсыныстар жасауға мүмкіндік береді.

Демек, Есенов университеті Қазақстанның жоғары білім беру жүйесінде бәсекеге қабілетті, инновациялық бағыттағы жоғары оқу орны ретінде дамып, сапалы білім мен ғылымды жетілдіру жолында қарқынды жұмыс істеп келеді.

**Зерттеудің мақсаты мен міндеттері.** Қазақстанда еңбек нарығына түсетін қызметкерлердің болуы тиіс перспективті құзыреттіліктерді болжау жүйесін әзірлеу қажет екенін көрсетеді. Бұл жүйе Қазақстанда жүргізіліп жатқан және елдің адами әлеуетін дамыту үшін жеткіліксіз болып табылатын еңбек нарығы параметрлерінің сандық болжамын толықтыруы тиіс.

Аймақтың кадрлармен қамтамасыз етілуі – аймақ экономикасының барлық салаларының (саны, сапасы және құрылымы бойынша) жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін қажетті еңбек ресурстары арасындағы сәйкестікті білдіретін аймақтық экономиканың құрамдас бөлігі болатындығын форсайт - болжау әдісімен зерттеуге болатындығын Карпова Г.В., Никулина Ю.Н., Матюшко А.В. өз зерттеулерінде атап көрсеткен [2, 2663 б.].

Қазақстан Республикасында кадрлардың біліктілігін арттыру міндеті мемлекеттік деңгейде қойылып, ол Қазақстан Республикасының Президенті Қ.Тоқаевтың жарлықтарында және Үкімет пен Білім және ғылым министрлігінің ресми құжаттарында көрініс тапты.

Атап айтсақ, Қазақстан Республикасы Президентінің «Ігілік баршаға! Сабақтастық. Өділдік. Өрлеу» сайлауалды бағдарламасын және «Бірге» жалпыұлттық акциясы барысында алынған ұсыныстарды іске асыру жөніндегі шаралар туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2019 жылғы 20 маусымдағы № 27 Жарлығы [3].

Қазақстанда 2023-2029 жылдар аралығында жоғары білім мен ғылымды дамыту Тұжырымдамасы бекітілгені белгілі. Тұжырымдама жоғары білім беру жүйесін дамытудың 7 негізгі бағытын қамтиды. Тұжырымдаманың екінші бағыты кадрларды даярлаудың озық моделіне көшу болды: озық кадрларды даярлау бойынша өңірлік стандарттарды әзірлеу, «Мамандығым – болашағым» бағдарламасын іске қосу [4].

Жоғары оқу орындарының алдына ҚР Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек бірінші Ғылым және жоғары білім форумының пленарлық отырысында жаңа міндеттер қойды. Министрдің айтуынша, өңірлік және салалық жоғары оқу орындары озық тәжірибені таратудың жергілікті орталықтарына айналады. Олар алдағы 5 жылға арналған форсайт-зерттеулер мен өңірлердің кадрларға деген қажеттіліктерін болжайтын болады [5].

Маңғыстау облысында осы бағытта «Мамандығым-Болашағым» жобасы аясында бірқатар бастамалар іске асырылды. Бұл жоба озық кадрлармен қамтамасыз етудің өңірлік стандарттарын әзірлеуге және жаңа кәсіптер атласын қалыптастыруға бағытталған. Жобалық кеңсе ретінде Ғылым және жоғары білім министрлігі өңірдің жетекші жоғары оқу орны – Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университетін анықтады. Жоба аясында облыстың ерекшелігін ескере отырып, кадрларға өңірлік Қажеттілік картасы қалыптастырылды. Университеттің талдаушылар тобы басым салаларды айқындау мақсатында «Мамандығым-Болашағым» жобасын іске асыру шеңберінде зерттеу жүргізді [6].

2023 жылы Қазақстан Республикасы Ғылым және Жоғары білім министрлігінің гранттық қаржыландыру конкурсында Есенов университеті ғалымдарының «Форсайт-болжау әдісін пайдалана отырып, еңбек нарығын озық кадрлық қамтамасыз етудің өңірлік стандарттарын әзірлеу» атты жобасы бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру бойынша грантты жеңіп алды.

**Материалдар мен әдістер.** Сонымен, осы жоба аясында қойылған зерттеу мақсаты мен міндеттеріне сай зерттеу тобымыз Маңғыстау өңіріндегі ЖОО -Yessenov University-де бакалавриат, магистратура және докторантура мамандықтары бойынша мамандар даярлау үрдісіне форсайт-болжау әдісімен талдау жасады.

Бұл мақсат пен міндеттер зерттеудің жүйелілігін қамтамасыз етіп, алынған нәтижелерді аймақтың даму стратегиясына енгізуге бағытталған. Зерттеудің практикалық маңызы зор. Жаңа мамандықтар мен құзыреттер атласы аймақтың білім беру жүйесін және еңбек нарығын дамытуға арналған нақты ұсыныстар мен нұсқаулықтарды қамтиды:

- еңбек нарығы болашаққа бейімделеді. Зерттеу нәтижелері жаңа технологиялар мен цифрлық трансформацияға икемделген, жоғары білікті кадрларды дайындауға мүмкіндік береді. Болашақ мамандықтарға қажетті құзыреттерді анықтау арқылы еңбек нарығының икемділігін арттырады.

- жаңа мамандықтарды дамыту арқылы өңірдегі тек мұнай-газ саласына тәуелділікті азайту және басқа салаларды өркендетуге септігін тигізеді. Инновациялық салаларды дамытуға қажетті кадрларды дайындауға негіз болады.

- зерттеу білім беру мекемелерінде жаңа оқыту бағдарламаларын енгізуге мүмкіндік береді. Оқу орындары мен жұмыс берушілер арасындағы байланыстарды нығайтуға ықпал етеді.

- еңбек нарығының сұраныстарына сәйкес мамандарды даярлау арқылы аймақтың жалпы экономикалық дамуына үлес қосады. Аймақтық және халықаралық деңгейдегі кадрлардың бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз етеді.

Зерттеу нәтижелері Есенов университетінде білім берудің үш деңгейі бойынша кадрлар даярлау үдерісіне талдау жасалып, болашақтағы жаңа мамандықтар мен құзыреттерді аймақтың нақты қажеттіліктеріне сәйкес анықтап, оларды іске асырудың нақты құралдарын ұсынуы болып табылады.

Талдап, зерттеу форсайт технологиясы (ағылш. «Foresight») – болашаққа көзқарас, алдын ала көру) ұзақ мерзімді болжау үшін кеңінен қолданылады және келісілген, салмақты болашақтың бейнесін құру әдісі болып табылады. Форсайтты сипаттағанда көбінесе американдық профессор Бен Мартиннің анықтамасы қолданылады, ол оны «ғылымның, технологияның, экономиканың және қоғамның ұзақ мерзімді перспективаларын бағалауға бағытталған жүйелі талпыныстар, стратегиялық зерттеу бағыттары мен ең үлкен әлеуметтік-экономикалық пайда әкелетін жаңа технологияларды анықтау» деп қарастырады [7].

Форсайттың дәстүрлі болжаудан негізгі ерекшелігі – болашақтан қазірге қарай жобалау тәсілі. Алдымен біз болашақтың бейнесін жасап, оны сипаттаймыз, содан кейін осы бейнеге жету үшін қажетті қадамдарды кері есептеп, жоспар құрамыз.

Форсайт пен болжам жасаудың ортақ сипаттары бар. Болжам (прогноз) – бұл белгілі бір нысанның болашақтағы ықтимал жағдайлары және (немесе) сол жағдайларға қол жеткізудің баламалы жолдары мен мерзімдері туралы ғылыми негізделген тұжырым.

**Нәтижелер мен талқылау.** Сонымен, Маңғыстау өңіріндегі жоғары білікті мамандар даярлайтын жалғыз мемлекеттік жоғары оқу орны – Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті. Бүгінде Есенов университеті – мемлекеттік аттестация мен аккредитациядан өткен ірі және заманауи университет. Есенов университеті – өңірдегі білім беру, ғылым және мәдениет саласындағы негізгі орталық. Университетте мұнай-газ өнеркәсібі, жол көлігі, машина жасау, сондай-ақ педагогика, құқық, экономика, ақпараттық жүйелер, стандартизация, қаржы, геология, экология, жылуэнергетикасы және құрылыс мамандықтары бойынша мамандар даярланады.

**Университеттің миссиясы:** Маңғыстау өңірінің тұрақты дамуы үшін білім беру, зерттеу жүргізу және ынталандыру. Каспий өңірінің жетекші білім беру, ғылым және мәдениет орталығы, жоғары беделге және танылуға ие. Есенов университетінің негізгі құндылықтары оқытушылар мен студенттердің қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған.

ҮУ-дің стратегиялық міндеттері:

- университетті өңірлік ғылыми-білім беру хабы ретінде қайта құру, өңірлік мәселелерді шешуге бағыттау;

- адам капиталының дамуы – жоғары әлеуметтік және азаматтық жауапкершілігі, мәдени құндылықтары бар тұлғаны қалыптастыру;

- ұжым ішінде мықты корпоративтік мәдениетті қалыптастыру;

- әлеуметтік инфрақұрылымды және кампус инфрақұрылымын дамыту;

- университетті басқару жүйесін бизнес-процестерді цифрландыру арқылы жетілдіру;

- Yessenov University брендінің құнын әрі қарай арттыру [8].

Университет құрамына 5 факультет, 1 институт, 1 академия және 1 колледж кіреді. Бұл: Білім факультеті, Бизнес және құқық факультеті, Инженерлік факультет, Туризм және тілдер факультеті, Ғылым және технологиялар факультеті, Қазақ-Неміс тұрақты инженерия институты, Теңіз академиясы және Есенов колледжі.

2023 жылы өңірде жоғары білім саласын дамыту үшін Қазақстан-Германия тұрақты инженерия институты ашылды. Жаңа оқу орны ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың елдегі жетекші шетелдік университеттер филиалдарын ашу және жаңа буын өнеркәсіптік инженерлерін даярлау туралы тапсырмасын орындау мақсатында құрылды. Жоба Каспий мемлекеттік университеті технологиялар мен инженериясы негізінде жүзеге асырылуда. Биыл институт екі білім беру бағдарламасын іске қосты: «Энергетикалық және экологиялық инженерия», «Логистика». Бұл бағдарламалар Маңғыстау облысында «жасыл» сутегі өндірісі мен Қытайдан Еуропаға дейінгі көлік дәлізін дамыту үшін мамандар даярлауға бағытталған. Алдағы уақытта білім беру бағдарламасы 8 бакалавриат және 6 магистратура бағдарламасымен кеңейтіледі.

Yessenov University-де мамандарды үш деңгейде даярлау жүзеге асырылады: бакалавриат, магистратура және докторантура. Олардың ішінде 61 білім беру бағдарламасы бойынша бакалаврлар, 35 білім беру бағдарламасы бойынша магистранттар және 7 білім беру бағдарламасы бойынша докторанттар дайындалады.

1-кесте – АТАМЕКЕН-2023 рейтингісінің көрсеткіштері, жүлделі орын – 3 БББ, ең жақсы 5 – 7 БББ, ең жақсы 10 – 14 БББ

№	БББ	2021	2022	2023
		Фактілік деректер	Фактілік деректер	Фактілік деректер
1	Қазақ тілі мен әдебиеті	36-дан 6	38-ден 5	34-тен 23
2	Математика (білім беру)	26-дан 3	29-дан 5	23-тен 3
3	Геология және пайдалы қазбалар кен орындарын барлау	6-дан 5	*	8-ден 8
4	Кадастр	8-ден 3	9-дан 1	9-дан 4
5	Экология	27-ден 4	31-ден 17	32-ден 7
6	Шет тілі: Екі шетел тілі	42-ден 4	39-дан 29	37-ден 5
7	География (білім беру)	17-ден 3	20-дан 4	14-тен 6
8	Мұнайгаз ісі	17-ден 9	19-дан 7	18-ден 2
9	Құрылыс	29-дан 21	29-дан 13	34-тен 22
10	Халықаралық қарым-қатынас	22-ден 11	21-ден 5	*
11	Менеджмент	39-дан 14	36-дан 30	50-ден 42
12	Биология (білім беру)	25-тен 15	24-тен 14	23-тен 8
13	Есеп және аудит	6-тен 455	64-тен 38	60-тан 13
14	Туризм	31-ден 13	30-дан 30	29-дан 22
15	Педагогика және психология	32-ден 17	34-тен 32	33-тен 20
16	Мемлекеттік және жергілікті басқару	39-дан 15	34-тен 17	33-тен 16

1-кестенің жалғасы

17	Қаржы	*	65-тен 42	62-ден 11
18	Электрэнергетика	29-ден 21	30-дан 7	34-тен 30
19	Ақпараттық жүйе	54-тен 39	50-ден 29	57-ден 51
20	Экономика	53-тен 15	54-ден 12	53-тен 5
21	Құқықтану	61-ден 16	56-дан 23	57-ден 10
22	Физика (білім беру)	14-тен 1	*	15-тен 6
23	Машинажасау	15-тен 10	*	16-дан 2
24	Педагогика және бастауышта оқыту әдістемесі	31-ден 12	33-тен 21	32-ден 19
25	Көлік, көлік техникасы және технологиялар	28-ден 20	28-ден 28	31-ден 23
26	Дене шынықтыру және спорт	34-тен 1	35-тен 11	39-дан 28
27	Стандарттау және сертификаттау	21-ден 17	*	*
28	Тарих (білім беру)	25-тен 2	29-дан 7	26-дан 7
29	Орыс тілі мен әдебиеті	14-тен 11	13 из 18-ден 13	18-ден 13
30	Информатика	*	*	*
31	Өмір қауіпсіздігі және қоршаған ортаны қорғау		25-тен 15	24-тен 6
32	Органикалық заттар химиялық технологиясы	*	11-ден 10	*
33	Ақпараттық технологиялар құқығы			57-ден 31
34	Құқық қорғау қызметі			10-нан 5
35	Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету			55-тен 41
36	Дене шынықтыру және бастапқы әскери даярлық			39-дан 33
37	Құрылыс саласындағы BIM технологиялары			34-тен 16


103 білім беру бағдарламасының 64 білім беру бағдарламасы (62 %) аккредиттелген. Оның ішінде 30 білім беру бағдарламасы ACQUIN, 34 білім беру бағдарламасы NAOKO-дан өтті[9].

2023-24 оқу жылында Есенов университетінде барлық білім алушылар саны – 7415 адамды құрайды.

1) Бакалавриат бойынша білім алушылар саны 6852 адам, олардың барлығы күндізгі оқу нысанында оқиды, оның ішінде әйелдер – 3 635 (53%). Студенттер саны: 6 852, оның ішінде, Қазақ: 5 519; орыс: 794; ағылшын: 33; басқа тіл: 506.

Мемлекеттік грантта оқитын студенттер саны – 2092 адам, 4766 ақылы топта, 39 білім алушы мекеме қаражаты және демеушілер есебінен білім алуда.


Педагогикалық бағыттардың 4090 студенті, техникалық мамандықтардың 1750 студенті, экономикалық және заң мамандықтарының 1018 студенті оқиды.



1 Сурет – студенттер контингентінің өсу динамикасы

Мәліметтер кестесінен көрініп тұрғандай, жыл сайын студенттер саны артуда. 2023-24 оқу жылында өткен оқу жылымен салыстырғанда мемлекеттік грант бойынша оқитын студенттер саны 1,6%-ға, ал мемлекеттік тапсырыс бойынша оқитын студенттер саны 22,7%-ға артқан [10].


2023-24 оқу жылында магистратурада оқитын студенттер саны 533 адамды құрайды, олардың 242-сі мемлекеттік тапсырыс бойынша, 291-і ақылы негізде оқиды.



2 Сурет – Үш оқу жылындағы магистранттар контингентінің өсу динамикасы

2023-24 оқу жылында магистранттар саны өткен оқу жылымен салыстырғанда 18,7%-ға өсті, ал мемлекеттік гранттарда оқитын магистранттар саны 23,5%-ға өсті.

3) 2023-24 оқу жылында докторантурада оқытындар саны – 24 адам, оның ішінде 24-і мемлекеттік тапсырыс бойынша оқиды.



3 Сурет – Соңғы үш жылдағы докторанттар контингентінің өсу динамикасы


2023-24 оқу жылында докторанттар саны өткен оқу жылымен салыстырғанда 12,5%-ға артты, ал мемлекеттік гранттар бойынша оқитын докторанттар саны да 12,5%-ға өсті [11].

Шетел азаматтары арасында 376 студент бар. Олардың басым бөлігі – Түркменстан, Өзербайжан, Өзбекстан, Ресей, Қырғызстан, Иран, Қытай, Камерун, Нигерия, Түркия, Армения және Грузия азаматтары.

Жалпы студенттер саны 6 852 адамды құрайды. Жалпы басқа қаладан келген студенттер саны – 3 693. Әртүрлі себептермен жатақханаға мұқтаж студенттер саны – 473, олардың 472-сі жатақханада тұрады.

2023 жылы 2 666 студент қабылданды, олардың ішінен:

бакалавриатқа – 2 343, магистратураға – 313, докторантураға – 10 студент қабылданды. Мемлекеттік гранттар саны – 946. Соңғы 3 жылдағы қабылдау статистикасын 4-суреттен көруге болады.



4 Сурет – Білім алушыларды қабылдау


Әр жыл сайын қабылданған студенттер санының өсуі байқалады. 2023 жылы өткен жылмен салыстырғанда мемлекеттік гранттардың саны 7,4%-ға, ал гранттар саны 30,4%-ға артты.

Қабылданған студенттер арасында 27 «Алтын белгі» иегері, 12 «Білім және инновация» лицейінің түлектері, 2 Назарбаев Интеллектуалды мектебінің түлектері, 5 спорт шебері, 2 спорт шеберіне кандидат бар.

222 студент еліміздің түрлі өңірлерінен келді, атап айтқанда, Түркістан, Ақтөбе, Алматы, Қызылорда, Атырау, Жамбыл, Орал, Шымкент, Ақмола, Қостанай, Солтүстік Қазақстан облысы, Астана, Қарағанды, Жезқазған, Семей, Павлодар. 159 шетелдік студенттер, олардың арасында Өзбекстан, Өзербайжан, Түркменстан, Қытай, Ресей, Иран, Армения, Украина, Камерун, Нигерия азаматтары бар.

2023 жылы бакалавриат бойынша 1489 түлек аяқтады. Мемлекеттік қорытынды аттестациядан 1489 студент өтті; үздік диплом алғандар саны – 61; «өте жақсы» және «жақсы» бағалар алғандар саны – 688.

2023 жылы университеттің 35 оқу бағдарламасы бойынша жұмысқа орналасу көрсеткіштерінің 12,1%-ға өскені байқалады, бұл «Атамекен» кәсіпкерлер палатасының НПП РК нәтижелері бойынша.



5 Сурет – БББ бойынша жұмысқа орналасу деңгейі

Түлектердің кәсіби мансабын тиімді қалыптастыру мақсатында келесі іс-шаралар ұйымдастырылып, жүзеге асырылуда:

- Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігімен бірлескен «Жас мемлекеттік қызметкерлер мектебі» жобасы;
- «TANYM» ЖШС, Pedagog Academy-мен бірлескен MDSG (Mugalim Development Scholarship Group) жобасы.

Түлектердің 91,2%-ы жұмыспен қамтылған. Магистратураны 161 түлек аяқтады, олардың 92,37%-ы жұмысқа орналасты. Докторантураны 7 адам бітірді, олардың 100%-ы жұмыспен қамтылды [11].

Педагогикалық тәжірибеден өту үшін 84 білім беру мекемесімен келісімшарт жасалды. Кәсіби тәжірибе ұйымдастыру мақсатында келесі оқу орындарымен тығыз байланыс орнатылды: НЗМ Ақтау, БИЛ, Қазақ ұлттық мектеп-лицейі «I. Altynsarin school-lyceum», High School Aktau, Алаш лицейі, IT мектеп-лицейі, №13, 21, 22 мектептер және т.б.

Университеттегі ғылыми-зерттеу жұмыстары профессор-оқытушылар құрамының, студенттік ғылыми үйірмелердің, магистранттар мен докторанттардың жеке жоспарларына сәйкес курстық және дипломдық жобаларды орындау барысында жүргізіледі.

Yessenov University профессор-оқытушылар құрамының ғылыми қызметі келесі бағыттарда жүзеге асырылады:

- ✓ Суды тұщыландыру және тазарту;
- ✓ Каспий теңізінің экологиясы мен экожүйесін бақылау;
- ✓ Сандық дәуірдегі урбанизация;
- ✓ Мұнай өңдеу, мұнай химиясы;
- ✓ Қасиетті Маңғыстау;
- ✓ Білім берудегі үлкен деректерді өңдеу және талдау [12].

Қазіргі уақытта университетте заманауи материалдық-техникалық база бар, ғылыммен белсенді айналысатын оқытушылар үшін барлық қажетті жағдайлар жасалған. Зерттеулер 50 оқу және ғылыми зертханада, 2 зерттеу орталығында жүргізіледі.

Университет профессор-оқытушылар құрамының негізгі ғылыми бағыттары:

- фундаменталды, ізденістік және қолданбалы ғылыми зерттеулер жүргізу;
- тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды орындау;
- ҒЗЖ нәтижелерін оқу процесіне және өндіріске енгізу немесе оларды мүдделі ұйымдар олардың әрі қарай дамуын қаржыландыра алатындай деңгейге дейін жеткізу;
- инновациялық-өндірістік қызмет.

Университет ғалымдарының әлеуметтік-экономикалық маңызы бар ғылыми зерттеулерін қолдау, өмір сүру сапасын жақсарту, аймақтың әлеуметтік-экономикалық өміріне озық білім мен технологияларды енгізу мақсатында 2020 жылы университетте 4 ғылыми орталық, ал 2023 жылы Құрғақшылық аймақтарды тұрақты дамыту институты құрылды:

- Құрғақшылық аймақтарды тұрақты дамыту институты;
- Жасыл технологиялар зерттеу орталығы;
- Суды тазарту және тұщыландыру ғылыми-зерттеу орталығы;
- Өлкетану ғылыми-зерттеу орталығы;
- Каспий аймақтық экожүйе және экология мониторингі орталығы.

Университетте ғылыми-аналитикалық сараптама жүргізетін өңірлік зертхана құрылуда. Қазіргі уақытта инженерия факультетінде жабдықтарды орнату жұмыстары жүргізілуде. Оның аккредитациядан өткеннен кейінгі негізгі қызмет бағыттары:

- пилоттық сынақтар өткізу және зерттеу нәтижелерін өндіріске енгізу;
- ғылыми-техникалық бағдарламалар мен жобаларды, соның ішінде ғылыми-технологиялық дамудың басым бағыттары бойынша қолданылатын жобаларды жүзеге асыру;
- магистрлік және докторлық диссертацияларды тиісті ғылыми бағыттар бойынша дайындауға көмек көрсету.

Негізгі және қолданбалы зерттеулер университеттің бекітілген 2020-2025 жылдарға арналған стратегиялық жоспарына, сондай-ақ ҚР БҒМ 217 «Ғылымды дамыту» бағдарламасына, оның ішінде 101 «Ғылыми және/немесе ғылыми-техникалық қызмет субъектілерін бағдарламалық-мақсатты қаржыландыру» және 102 «Ғылыми зерттеулерді гранттық қаржыландыру» ішкі бағдарламаларына сәйкес жүргізіледі.

Университет ғалымдары ҚР БҒМ гранттық қаржыландыруға арналған ғылыми жобалар аясында өңірдің өзекті мәселелеріне қатысты ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізеді. Қазіргі уақытта Есенов университетінде ҚР БҒМ гранттық және бағдарламалық-мақсатты қаржыландыру аясында 16 ғылыми жоба жүзеге асырылуда [12].

Университет ғалымдары ҚР БҒМ гранттық қаржыландыруға арналған ғылыми жобалар аясында өңірдің өзекті мәселелері бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуде. Қазіргі уақытта Yessenov University-де ҚР БҒМ гранттық және бағдарламалық-мақсатты қаржыландыру аясында 16 ғылыми жоба жүзеге асырылуда.

2022-2023 оқу жылында жас ғалымдардың ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобалары бойынша гранттық қаржыландыру байқауы негізінде «Жас ғалым» (2022-2024, 2023-2025) жобасы аясында 7 жоба мақұлданды.

2023-2025 жж. бағдарламалық-мақсатты қаржыландыру (БМК):

Батыс Қазақстан аймағындағы жасыл өсім шеңберінде (Маңғыстау, Атырау, Батыс Қазақстан және Ақтөбе облыстары) «Табиғи-шаруашылық және әлеуметтік-экономикалық жүйелердің тұрақты дамуын қамтамасыз етуге бағытталған кешенді зерттеулер жүргізу» бағдарламасы бойынша «Су ресурстарын, жануарлар және өсімдіктер дүниесін тиімді пайдалану, экология» басым бағытына сәйкес консорциумдық келісім негізінде Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетімен және келесі 8 ұйыммен бірлесіп жоба жүзеге асырылуда:

- ✓ Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті;
- ✓ Ш. Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті;
- ✓ М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті;
- ✓ «География және су қауіпсіздігі институты» АҚ;
- ✓ «Гидрогеология және геоэкология институты» ЖШС;
- ✓ У. Успанов атындағы Топырақтану және агрохимия қазақ ғылыми-зерттеу институты;
- ✓ ҚР БҒМ МЭБП «Ботаника және фитоинтродукция институты» РМҚ;
- ✓ ҚР ҰҒА «Экономика институты» РМҚ.

Жобаның атауы: «Батыс Қазақстан өңірінің табиғи-шаруашылық және әлеуметтік-экономикалық жүйелерінің тұрақты дамуы: кешенді талдау, концепция, болжамдық бағалау және сценарийлер»

Жоба жетекшісі: Аскарова М.А., жетекші: PhD, Есенов университетінің профессоры Сырлыбекқызы С.

Жобаның қаржыландыру сомасы: 3 млрд 800 млн теңге.

Қаржыландыру бекітілген күні: 27.10.2023 ж.

2023-2025 жж. бағдарламалық-мақсатты қаржыландыру:

Жобаның атауы: «Skills Technology Foresight әдісі негізінде Қазақстан аймақтарының жаңа кәсіптері мен құзыреттерінің Атласын әзірлеу»

Жоба жетекшісі: Егенисова А.Қ.

Жобаның қаржыландыру сомасы: 249 929 572 теңге.

Бағдарламаның мақсаты: Еңбек нарығын форсайт-болжамдау әдісін қолдану арқылы мамандарды озық даярлаудың теориялық-әдіснамалық және ғылыми-әдістемелік негіздерін зерттеу. Жаңа мамандықтар қажеттіліктерін картаға түсіру. Білім беру бағдарламаларын әзірлеу. Аймақтық кадрлық қамсыздандырудың озық стандарттарын енгізуді ұйымдастырушылық-әдістемелік сүйемелдеуді қамтамасыз ету.

2022 жылмен салыстырғанда 2023 жылы гранттық қаржыландыру 80,9%-ға артты.

*Енді университет ғалымдарының ғылыми еңбектерді жариялауына тоқталсақ.*

Ғылыми қызметтің маңызды көрсеткіштерінің бірі – ғылыми жарияланымдар саны. 2022-2023 оқу жылында университеттің профессорлық-оқытушылық құрамы жақын және алыс шетелдерде өткізілген 378-ден астам республикалық және халықаралық конференцияларға, форумдарға қатысты.

ПОҚ ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелері Қазақстанның, жақын және алыс шетелдердің ғылыми журналдарында жарияланады, олардың бірқатары Web of Science және Scopus халықаралық деректер базасына енгізілген [12].



6 Сурет – Ғылыми еңбектерді жариялау динамикасы

6—суреттен көрініп тұрғандай, 2023 жылы барлық ғылыми жарияланымдар бойынша өсім байқалады. Атап айтқанда:

- импакт-факторлы журналдардағы (Scopus, Web of Science) жарияланымдар 22,7%-ға артты;
- ҚР ККСОН ұсынған журналдардағы жарияланымдар 6,9%-ға өсті;
- монографиялар саны 30%-ға артты;
- Қазақстан мен шетелдегі ағылшын тіліндегі ғылыми жарияланымдар 45%-ға өсті;
- қазақстандық және шетелдік журналдардағы ғылыми жарияланымдар 19,6%-ға көбейді.

**Қорытынды.** Есенов университеті жыл сайын өз қызметінің барлық бағыттары бойынша тұрақты өсім мен даму көрсетіп келеді. 2023 оқу жылында студенттер саны артты, соның ішінде мемлекеттік грант негізінде білім алушылардың үлесі едәуір жоғарылады. Магистратура мен докторантураға қабылданған студенттер саны ұлғайып, ғылыми-зерттеу жұмыстары белсенді түрде жүргізілуде.

Университеттің профессорлық-оқытушылық құрамы ғылыми еңбектерді жариялау белсенділігін арттырып, Web of Science және Scopus базаларындағы жарияланымдар саны 22,7%-ға өсті. Сонымен қатар, отандық және халықаралық ғылыми журналдардағы мақалалар саны, монографиялар, ағылшын тіліндегі жарияланымдар да айтарлықтай көбейді.

Ғылыми-инновациялық қызметті дамыту мақсатында университетте бірнеше ғылыми орталықтар мен зертханалар құрылып, стратегиялық зерттеу бағыттары бойынша ауқымды жұмыстар жүргізілуде. Гранттық және бағдарламалық-мақсатты қаржыландыру көлемі айтарлықтай артып, университет ғалымдары Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуына бағытталған маңызды зерттеулерге жетекшілік етуде.

Оқу орны материалдық-техникалық базасын жетілдіріп, білім беру сапасын жақсарту үшін заманауи технологиялар мен инновациялық әдістерді енгізуде. Студенттерге кәсіби тәжірибе жинақтау үшін ірі өндірістік кәсіпорындармен және ғылыми-зерттеу институттарымен тығыз байланыс орнатылған.

**Қаржыландыру туралы ақпарат.** Бұл зерттеуді Қазақстан Республикасы Ғылым және Жоғары білім Министрлігінің Ғылым және жоғары білім комитеті қаржыландырады (грант №BR21882382).

#### ӘДЕБИЕТТЕР:

1. **Ладыкова Т.И., Васильева И.А., Завиша Е.Н. Форсайт-технологии в прогнозировании инновационного развития региона.** [Текст] / Т.И. Ладыкова, И.А. Васильева, Е.Н. Завиша // Управление экономическими системами. 2015. – №4(76) – С. 32–45.

2. **Карпова Г.В., Никулина Ю.Н., Матюшко А.В. Анализ реализации региональных программ в области кадрового обеспечения экономики молодыми специалистами** [Текст] Г.В. Карпова, Ю.Н. Никулина, А.В. Матюшко // Российское предпринимательство. 2015. – № 16. – С. 2663–2680.

3. **ҚР президентінің «Игілік баршаға! Сабақтастық, Әділдік, Өрлеу» сайлауалды бағдарламасы және Бірге жалпыұлттық акциясы барысында алынған ұсыныстарды іске асыру жөніндегі шаралар туралы, ҚР президентінің 2019 жылғы №27 Жарлығы** [Электронды ресурс]. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U190000027U> (жүгіну уақыты 11.06.2025).

4. **Концепция развития высшего образования и науки на 2023-2029 гг. Постановление Правительства Республики Казахстан от 28 марта 2023 года №24** – [Электронный ресурс] URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/P2300000248> (дата обращения 11.06.2025).

5. **Атлас новых профессий и компетенций Казахстана 2021.** – [Электронный ресурс] URL: <https://atlas.bts-education.kz/> (дата обращения 15.06.2025).

6. **Концепция развития высшего образования и науки на 2023-2029 гг.** [Электронный ресурс]. – 2023. – URL: [https://bilimdinews.kz/?p=212696%20\(%D0%B4%D0%B0%D1%82%D0%B0%20%D0%BE%D0%B1%D1%80%D0%B0%D1%89%D0%B5%D0%BD%D0%B8%D1%8F%2005.11.2023](https://bilimdinews.kz/?p=212696%20(%D0%B4%D0%B0%D1%82%D0%B0%20%D0%BE%D0%B1%D1%80%D0%B0%D1%89%D0%B5%D0%BD%D0%B8%D1%8F%2005.11.2023) (дата обращения 15.06.2025).

7. **Региональные и отраслевые вузы станут локальными центрами распространения передового опыта – Саясат Нурбек.** 2022. – [Электронный ресурс] URL: <https://dknews.kz/ru/v-strane/343807-sayasat-nurbek-kazakhstan-stanet-krupny> (дата обращения 15.06.2025).

8. **Атлас новых профессий Мангистауской области.** 2023. – [Электронный ресурс] URL: <https://enic-kazakhstan.edu.kz/ru/event/31> (дата обращения 15.06.2025).

9. **Итоги рейтинга образовательных программ ОВПО 2023 года Каспийский университет технологий и инжиниринга имени Ш. Есенова. НПП РК «Атамекен».** 2024. – [Электронный ресурс] URL: [https://atameken.kz/ru/university\\_ratings](https://atameken.kz/ru/university_ratings) (дата обращения 05.07.2025).

10. **Высшие учебные заведения Республики Казахстан». На начало 2023/2024 учебного года.** Статистика образования. Бюро национальной статистики Агентства по стратегическому планированию и реформам РК. 2023. – [Электронный ресурс] URL: <https://stat.gov.kz/ru/industries/economy/national-publications/6389/> (дата обращения 05.07.2025).

11. **О послевузовском образовании в Республике Казахстан». На начало 2023/2024 учебного года.** Статистика образования. Бюро национальной статистики Агентства по стратегическому

планированию и реформам РК. 2023. – [Электронный ресурс] URL: <https://stat.gov.kz/upload/iblock/102/s2se30oi0ndzzlyq6bq5w1oxbsiqg285/%D0%9F%D0%BE%D1%81%D0%BB%D0%B5%D0%B2%D1%83%D0%B7%20%D0%B2%D0%B5%D0%B1-%D0%BF%D1%83%D0%B1%D0%BB%20%D1%80%D1%83%D1%811.pdf> (дата обращения 05.07.2025).

12. **Отчеты университета по науке КТИУ имени Ш. Есенова, на 2021-2023 годы.** 2023. – [Электронный ресурс] URL: <https://yu.edu.kz/ru/atqaryl%D2%93an-zh%D2%B1mystar-turaly-esep/> (дата обращения 05.07.2025).

#### REFERENCES:

1. **Ladykova T.I., Vasileva I.A., Zavisha E.N. Foresajt-tehnologii v prognozirovanii innovacionnogo razvitiya regiona** [Foresight technologies in forecasting the innovative development of a region]. *Upravlenie e'konomicheskimi sistemami*, 2015, no. 4(76), pp. 32–45. (In Russian)

2. **Karpova G.V., Nikulina Yu.N., Matyushko A.V. Analiz realizacii regionalny'h programm v oblasti kadrovogo obespecheniya e'konomiki molody'mi specialistami** [Analysis of the implementation of regional programs in the field of staffing the economy by young specialists]. *Rossijskoe predprinimatel'stvo*, 2015, no. 16, pp. 2663–2680. (In Russian)

3. **KR prezidentinin «Igilik barshaga! Sabaktastyk, Adildik, Orleu» sajlaualdy bagdarlamasy zhane Birge zhalpyulttyk akcijasy barysynda alyngan usynystardy iske asyru zhonindegi sharalar turaly, KR prezidentinin 2019 zhylygy №27 Zharlygy** [Decree of the President of the Republic of Kazakhstan No. 27 of 2019 on measures to implement the recommendations received during the election program of the President of the Republic of Kazakhstan "Good for All! Continuity, Justice, Progress" and the national campaign "Together"]. Available at: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U190000027U> (accessed 11 June 2025). (In Kazakh)

4. **Koncepciya razvitiya vy'sshego obrazovaniya i nauki na 2023-2029 gg. Postanovlenie Pravitel'stva Respubliki Kazahstan ot 28 marta 2023 goda №24** [The concept of higher education and science development for 2023-2029. Resolution of the Government of the Republic of Kazakhstan dated March 28, 2023 No. 24]. Available at: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/P2300000248> (accessed 11 June 2025) (In Russian).

5. **Atlas novy'h professij i kompetencij Kazahstana** [Atlas of new professions and competencies in Kazakhstan]. 2021, available at: <https://atlas.bts-education.kz/> (accessed 15 June 2025). (In Russian)

6. **Koncepciya razvitiya vy'sshego obrazovaniya i nauki na 2023-2029 gg.** [The concept of higher education and science development for 2023-2029]. 2023, available at: [https://bilimdinews.kz/?p=212696%20\(%D0%B4%D0%B0%D1%82%D0%B0%20%D0%BE%D0%B1%D1%80%D0%B0%D1%89%D0%B5%D0%BD%D0%B8%D1%8F%2005.11.2023](https://bilimdinews.kz/?p=212696%20(%D0%B4%D0%B0%D1%82%D0%B0%20%D0%BE%D0%B1%D1%80%D0%B0%D1%89%D0%B5%D0%BD%D0%B8%D1%8F%2005.11.2023) (accessed 15 June 2025). (In Russian)

7. **Regional'ny'e i otraslevy'e vuzy' stanut lokal'ny'mi centrami rasprostraneniya peredovogo opy'ta – Sayasat Nurbek** [Regional and sectoral universities will become local centers for the dissemination of best practices – Sayasat Nurbek]. 2022, available at: <https://dknews.kz/ru/v-strane/343807-sayasat-nurbek-kazahstan-stanet-krupny> (accessed 15 June 2025). (In Russian)

8. **Atlas novy'h professij Mangistauskoj oblasti** [Atlas of new professions in the Mangystau region]. 2023, available at: <https://enic-kazahstan.edu.kz/ru/event/31> (accessed 15 June 2025). (In Russian)

9. **Itogi rejtinga obrazovatelny'h programm OVPO 2023 goda Kaspijskij universitet tehnologij i inzhiniringa imeni Sh. Esenova. NPP RK «Atameken»** [Results of the 2023 ranking of higher education programs at the Sh. Yesenov Caspian University of Technologies and Engineering. Atameken National Chamber of Entrepreneurs of the Republic of Kazakhstan]. 2024, available at: [https://atameken.kz/ru/university\\_ratings](https://atameken.kz/ru/university_ratings) (accessed 05 July 2025). (In Russian)

10. **Vy'sshie uchebny'e zavedeniya Respubliki Kazahstan. Na nachalo 2023/2024 uchebnogo goda. Statistika obrazovaniya. Byuro nacional'noj statistiki Agentstva po strategicheskomu planirovaniyu i reformam RK** [Higher Education Institutions of the Republic of Kazakhstan. As of the beginning of the 2023/2024 academic year. Education Statistics. Bureau of National Statistics of the Agency for Strategic Planning and Reforms of the Republic of Kazakhstan]. 2023, available at: <https://stat.gov.kz/ru/industries/economy/national-/publications/6389/> (accessed 05 July 2025). (In Russian)

11. **O poslevuzovskom obrazovanii v Respublike Kazahstan. Na nachalo 2023/2024 uchebnogo goda. Statistika obrazovaniya. Byuro nacional'noj statistiki Agentstva po strategicheskomu planirovaniyu i reformam RK** [On postgraduate education in the Republic of Kazakhstan. As of the beginning of the 2023/2024 academic year. Education statistics. Bureau of National Statistics of the Agency for Strategic Planning and Reforms of the Republic of Kazakhstan]. 2023, available at: <https://stat.gov.kz/upload/iblock/102/s2se30oi0ndzzlyq6bq5w1oxbsiqg285/%D0%9F%D0%BE%D1%81%D0%BB%D0%B5%D0%B2%D1%83%D0%B7%20%D0%B2%D0%B5%D0%B1-%D0%BF%D1%83%D0%B1%D0%BB%20%D1%80%D1%83%D1%811.pdf> (accessed 05 July 2025). (In Russian)

12. **Otchet'y' universiteta po nauke KTIU imeni Sh. Esenova, na 2021-2023 gody'** [University reports on the science of Sh. Yesenov CUTE for 2021-2023]. 2023, available at: <https://yu.edu.kz/ru/atqaryl%D2%93an-zh%D2%B1mystar-turaly-esep/> (accessed 05 July 2025). (In Russian)

**Авторлар туралы мәліметтер:**

Егенисова Алмажай Кулжановна\* – педагогика ғылымдарының кандидаты, Педагогика кафедрасының қауымдастырылған профессоры, Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті, Қазақстан Республикасы, 130000, Ақтау қ., 19а-32/1-67, тел.: 87021237780, e-mail: Almazhai66@mail.ru.

Шарипова Айгерим Батырсариевна – PhD докторант, Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті, Қазақстан Республикасы, 130000, Ақтау қ., 32а-1-37, тел.: 87715711275, e-mail: aigerim1.sharipova@yu.edu.kz.

Калиева Эльмира Измухановна – педагогика ғылымдарының кандидаты, Педагогика кафедрасының қауымдастырылған профессоры, Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті, Қазақстан Республикасы, 130000, Ақтау қ., тел.: 87013422448, e-mail: elmira.kaliyeva@yu.edu.kz.

Мендалиев Балгабай Мырзабаевич – педагогика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті, Қазақстан Республикасы, 130000, Ақтау қ., тел.: 87013947026, e-mail: balgabay.mendaliyev@yu.edu.kz.

Егенисова Алмажай Кулжановна\* – кандидат педагогических наук, ассоциированный профессор кафедры педагогики, Каспийский университет технологий и инжиниринга имени Ш. Есенова, Республика Казахстан, 130000, г. Актау, 19а-32/1-67, тел.: 87021237780, e-mail: Almazhai66@mail.ru.

Шарипова Айгерим Батырсариевна – PhD докторант, Каспийский университет технологий и инжиниринга имени Ш. Есенова, Республика Казахстан, 130000, г. Актау, 32а-1-37, тел.: 87715711275, e-mail: aigerim1.sharipova@yu.edu.kz.

Калиева Эльмира Измухановна – кандидат педагогических наук, ассоциированный профессор кафедры педагогики, Каспийский университет технологий и инжиниринга имени Ш. Есенова, Республика Казахстан, 130000, г. Актау, тел.: 87013422448, e-mail: elmira.kaliyeva@yu.edu.kz.

Мендалиев Балгабай Мырзабаевич – кандидат педагогических наук, ассоциированный профессор, Каспийский университет технологий и инжиниринга имени Ш. Есенова, Республика Казахстан, 130000, г. Актау, тел.: 87013947026, e-mail: balgabay.mendaliyev@yu.edu.kz.

Yegenissova Almazhay Kulzhanovna\* – Candidate of Pedagogical Sciences, Associate Professor of the Department of pedagogy, Sh.Yessenov Caspian University of Technology and Engineering, Republic of Kazakhstan, 130000, Aktau, 19a-32/1-67, tel.: 87021237780, e-mail: Almazhai66@mail.ru.

Sharipova Aigerim Batyrsariyevna – PhD student, Sh. Yessenov Caspian University of Technology and Engineering, Republic of Kazakhstan, 130000, Aktau, 32a-1-37, tel.: 87715711275, e-mail: aigerim1.sharipova@yu.edu.kz.

Kaliyeva Elmira Izmukhanovna – Candidate of Pedagogical Sciences, Associate Professor, Sh. Yessenov Caspian University of Technology and Engineering, Republic of Kazakhstan, 130000, Aktau, tel.: 87013422448, e-mail: elmira.kaliyeva@yu.edu.kz.

Mendaliyev Balgabay Myrzabayevich – Candidate of Pedagogical Sciences, Associate Professor, Sh. Yessenov Caspian University of Technology and Engineering, Republic of Kazakhstan, Aktau, 130000, tel.: 87013947026, e-mail: balgabay.mendaliyev@yu.edu.kz.

XFTAP14.35.09

ӨОЖ 378:78

<https://doi.org/10.52269/SRDG2612071>

**БОЛАШАҚ МУЗЫКА МҰҒАЛІМІНІҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕХНИКАСЫ РЕТІНДЕГІ ШЕШЕНДІК ӨНЕР**

Жақаева С.Ө. – педагогика ғылымдарының кандидаты, өнер кафедрасының қауымдастырылған профессоры, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай қ., Қазақстан Республикасы.

Нарикбаева Л.М. – педагогика ғылымдарының докторы, профессор, «Эстрада оркестрінің аспаптары» кафедрасы, Музыкалық өнер» факультеті, Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ Ұлттық өнер академиясы, Алматы қ., Қазақстан Республикасы.

Ахметова А.Қ.\* – педагогика ғылымдарының кандидаты, «Музыка, кәсіптік оқыту және дизайн» кафедрасының қауымдастырылған профессоры, Орталық Азия Инновациялық университеті, Шымкент қ., Қазақстан Республикасы.

Айсина С.Т. – педагогика магистрі, өнер кафедрасының аға оқытушысы, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай қ., Қазақстан Республикасы.

Зерттеудің мақсаты – болашақ музыка мұғалімінің педагогикалық техникасына жататын шешендік өнерге қатысты ғылыми еңбектерге жасалған талдау негізінде шешендік өнердің